

Turkic Weekly

2017/90





TURKIC WEEKLY 2017 39 (90) [20-26 қараша]

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



СООРОНБАЙ ЖЭЭНБЕКОВ ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ

ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Қырғыз Республикасының жаңадан сайланған президенті Сооронбай Жээнбеков 24-ші қараша күні ресми түрде қызметіне кірісіп, қырғыз халқына ант берді. Естеріңізге сала кетейік, Сооронбай Жээнбеков биылғы 15-ші қазанда өткен бүкілхалықтық сайлауда 54,75 пайыз дауыс жинап, жеңіске жеткен болатын. С.Жээнбеков елді 6 жыл басқарады.

Салтанатты рәсім мемлекеттік «Ала-Арча» резиденциясындағы «Энесай» сарайында өтті. Ант берген соң Сооронбай Жээнбековке президент куәлігі, төсбелгі мен президент штандарты табыс етілді.

Бішкектегі иннаугурация салтанатына жалпы саны 450 кісі шақырылған. Олардың ішінде Қырғыз Республикасының мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, Жогорку Кенеш депутаттары, Үкімет мүшелері, дипломаттар мен халықаралық ұйым өкілдері болды.

Қырғыз Республикасының жаңадан сайланған президенті өз сөзінде былай деді: «Үкімет экономикада құрылымдық реформалар жүргізуді және халық табысының өсуін қамтамасыз етуге тиіс. Үкімет реформалардың қозғалтқышы болуы керек. Президент олардың кепілі болады. Біз табысқа осылайша қол жеткізе аламыз. Дамудың локомотиві экспорттық әлеуеті жоғары және жұмыс орындарын құра алатын салалар болуы тиіс. Қырғызстан бизнес үшін жұмақ болуы қажет».

Сыртқы саяси бағыттар туралы айтқанда С.Жээнбеков басымдықта ең алдымен ұлттық мүдделерді қорғау және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін оңтайлы жағдай жасау боп қала беретінін айтты. Сондай-ақ, Қырғызстан халықаралық іс-шараларда және БҰҰ ТМД, ҰҚШҰ, ШЫҰ мен ЕврАзЭС секілді халықаралық ұйымдар мен аймақтық құрылымдардың интеграциялық процестеріне белсенді қатыса беретінін мәлімдеді.

Ресей Федерациясымен ынтымақтастық дәстүрлі достық, стратегиялық серіктестік курсы бойынша күшейтілетінін айтты. Сәйкесінше, Қытай Халық Республикасымен қатынастар тату көршілік пен стратегиялық әріптестік шеңберінде нығайтылмақ. Ал, Орталық Азия елдерімен өзара байланыстар ғасырлар бойғы бауырластық, достық, тарихи, мәдени және рухани құндылықтарға негізделетіні белгілі болды.



ШАВКАТ МИРЗИЁЕВТИҢ ОҢТҮСТІК КОРЕЯҒА САПАРЫ

Өткен аптада Өзбекстан Республикасының президенті Шавкат Мирзиёев Мун Чжэ Иннің шақыруы бойынша Корея Республикасына мемлекеттік іс-сапармен барды. Тараптар өзбек баспасөзінде атап өтілгендей, жоғары деңгейде өткен кездесулер барысында күн тәртібіндегі бірқатар мәселелермен қатар саяси, сауда-экономикалық, қаржы-инвестициялық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және тағы басқа салаларда байланыстарды дамытудың келешегін талқылады.

Шавкат Мирзиёев Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Спикері және Премьер-министрімен жеке кездесулер өткізген. Сонымен бірге, екі елдің алдыңғы қатарлы экономикалық, қаржылық құрылым басшылары және ірі кәсіпкерлерінің қатысуымен өткізілген өзбек-оңтүстік корей бизнес-форумына қатысты.

Екі жақты келіссөздердің негізгі нәтижелерінің бірі Шавкат Мирзиёев және Мун Чжэ Ин қол қойған Стратегиялық серіктестік қарым-қатынастарын жан-жақты тереңдету бойынша ортақ мәлімдеме болды.

Сондай-ақ, өзбек және корейлік бизнесмендер мен мемлекеттік орган өкілдері 60-тан астам құжатқа қол қойып, энергетика, мұнай-газ, химия саласында - 2,9 миллиард доллар, банк-қаржы саласында – 2,7 миллиард доллар, құрылыс және инфрақұрылымды дамытуда – 1,7 миллиард доллар көлемінде келісім-шарттар жасасты.

Сапар нәтижесінде Өзбекстан Республикасы Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігі мен Корея Республикасы Адам ресурстарын басқару министрлігі арасында ынтымақтастық меморандумы;

Екі елдің Әділет министрліктері арасындағы ынтымақтастық меморандумы;

Өзбекстан Сыртқы сауда министрлігі мен Корея Республикасы Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрлігі арасында Өзбекстанда Электронды сауданың ұлттық платформасын енгізуге байланысты ынтымақтастық келісім-шарты;

Өзбекстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты Үкіметаралық ынтымақтастық меморандумы;

Екі елдің сыртқы істер министрліктері арасында 2018-2020 жж арасында ынтымақтастық бағдарламасы т.б. құжаттар қабылданды.

Оңтүстік Корея - 20 жылдан астам уақыт көлемінде Өзбекстандағы ең ірі инвесторлардың бірі. Бүгінде Өзбекстанда корейлік капиталдың қатысуымен 461 кәсіпорын жұмыс істеуде. 2017 жылдың қаңтар-қазан айларындағы қорытындысы бойынша екі мемлекет арасындағы сауда айналымы миллиард долларға жуықтаған.



СОЧИДЕ ТҮРКИЯ, ИРАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ҮШЖАҚТЫ САММИТ ӨТТІ

22-ші қараша күні Сочи қаласында Ресей, Иран және Түркия басшыларының саммиті өтті. Саммит барысында Владимир Путин, Хасан Рухани және Реджеп Тайип Ердоған өңірлік қауіпсіздіктің ең өзекті мәселелерін талқылады.

Алдын-ала күтілгендей, күн тәртібіндегі басты мәселе - Сирия төңірегіндегі жағдай болды. Исшараның ашылуында Ресей басшысы Сирия аумағын содырлардан босату процесі мен шайқаста жеңіске жету бірлескен ынтымақтастықтың арқасында оң нәтиже көрсете бастағанын, бұл жалпы дағдарысты реттеудің жана, сапалы кезеңін ашатынын айтты. «Сирияның тағдырын ел халқы - қазіргі үкімет пен оппозицияның жақтастары бірлесіп шешуі тиістігін тағы бір рет атап өткім келеді», - деді В.Путин.

Сондай-ақ, ресейлік тараптың әріптестерін Сирия президенті Башар Асадпен Сочиде болған әңгіме туралы хабардар еткені белгілі болды. Олар Сирия басшылығының саяси дағдарыстарды бейбіт жолмен шешуге, конституциялық реформа мен БҰҰ-ның бақылауымен еркін сайлау өткізуге дайын екендіктерін атап өтті.

Сонымен қатар, саммиттің қорытындысы бойынша тараптар бірлескен жұмысты жеделдетуге келісті. Диалогқа дайын тараптарды анықтау мақсатында үш елдің Сыртқы істер министрліктері мен арнайы қызметтері жақын арада конгресс ұйымдастыру жұмыстарын бастайды.

Түркия президенті Режеп Тайип Ердоған ұлттық қауіпсіздікке қол сұғатын террористік ұйымдармен бір алаңда бас қоспайтындарын, сондай-ақ елдің тұтастығына қол сұғатын қанды топтармен серіктес болмайтындарын мәлімдеді. күтуге болмайды. Оның айтуынша, сириялық босқындар Астана процесін өз еліне оралу үшін жақсы белгі деп қабылдаған. «Біз маңызды шешімдер қабылдадық. Олардың салдары жақын арада сезілетін болады деп үміттенемін», - деді Ердоған саммиттің соңында.

Сочи саммитінің қорытындысы бойынша Ресей, Иран мен Түркия президенттері Астана процесі шеңберінде басталған Сириядағы деэскалацияны жалғастыру үндейтін ортақ мәлімдеме қабылдады. Сонымен бірге, Сириялық көптарапты диалогты қолдап, лаңкестерді түбегейлі жоймайынша бірлесіп ынтымақтасуға дайын екендіктерін растады.



ИЛЬХАМ ӘЛИЕВТИҢ БЕЛЬГИЯҒА САПАРЫ

23-25 қараша күндері Әзербайжан Республикасының президенті Ильхам Әлиев жұмыс сапарымен Бельгияға барды. 24-ші қарашада Еуропалық Кеңестің президенті Дональд Тусктың шақыруымен Ильхам Әлиев Шығыс әріптестік саммитіне қатысты. Жиынның ашылу салтанатында Еуропалық Кеңестің президенті Дональд Туск, Еуропалық комиссияның президенті Жан-Клод Юнкер және Эстонияның премьер-министрі Эри Ратас сөйледі, деп хабарлады Deutsche Welle. Сондай-ақ, баспасөзде Брюссельге Армения, Әзербайжан, Грузия, Молдова және Украина елдерінің басшылары мен Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрі келгені жазылды.

И.Әлиев те саммиттің пленарлық отырысында сөз сөйледі. Әзербайжан президенті жиында Еуропалық Одақтың Әзербайжанның негізгі сауда серіктесі екенін атап өтті. «Біздің саудасаттықтың 50 пайызы мүше елдермен жүргізілетінін айта кеткен жөн. Тәуелсіздік жылдары Еуропалық Одақтан Әзербайжан экономикасына 20 миллиард доллардан астам инвестиция салынды. Бұл мемлекетіміздің инвестициялық ахуалы жақсы екенін көрсетеді. Еуропалық компаниялар біздің экономикамызды қолдау үшін ірі қаражат салуға дайын», - деді Әзербайжан басшысы.

Бұдан бөлек, әзербайжан БАҚ-тары Ильхам Әлиевтің 23-ші қарашада НАТО-ның Солтүстік-атлантикалық кеңесінің отырысына қатысқанын хабарлады. Отырыстың басында НАТО Бас хатшысы Йенс Столтенберг сөз сөйлеген. Содан кейін ол Әзербайжан президенті Ильхам Әлиевке сөз берді. Ол Әзербайжан мен НАТО арасындағы ынтымақтастық түрлі салаларда табысты жүзеге асып жатқанын тілге тиек етті. Ильхам Әлиев өз сөзінде НАТО-ның Әзербайжан аумағын минасыздандыру процесіне белсене қатысып жатқанын мәлімдеді. Сонымен қатар, Бельгияға жұмыс сапары барысында И.Әлиев НАТО Бас хатшысы Йенс Столтенбергпен кездесті. Кездесу барысында Әзербайжан басшысы НАТО-мен ынтымақтастығы үлкен әлеуетке ие екенін, қзінің ел басшысы ретінде НАТО-ның штаб-пәтеріне алтыншы келуі екенін айтқан. «Біз аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін серіктестігімізді жалғастырамыз», - деді сөз соңында И.Әлиев.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

**Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы
Астана, 010000 | Қазақстан**

 [@intturkicadem](https://twitter.com/intturkicadem)

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem>